

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2014 жылғы 11 ақпандағы № 82 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 20 наурызда № 9261 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі № 627 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 28.07.2015 № 627 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу қағидаларының 15-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің ағымдағы жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді пайдалану қағидаларына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 тамыздағы № 540 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (келісім бойынша) онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік

берілген көлемінің шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтері үшін ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде Қағидаларды басшылыққа алсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Т.К. Нығыманов) тұрақты негізде «Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық жүйесін ақпараттық-техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

1) заңнамамен белгілеген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.Е. Асайынова) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

7. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

Б. Төкежанов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 1 а қ п а н д а ғ ы
№ 8 2 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауды ескере отырып, (лимфомамен ауыратын науқастардан

басқа) онкогематологиялық науқастарды қоспағанда, онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Қағидалар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесінің 15-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің ағымдағы жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді пайдалану қағидаларына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 тамыздағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 7198 тіркелген) с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

3. Осы Қағидалар үдерістің мынадай қатысушыларына: онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсететін облыстық, өңірлік, қалалық онкологиялық ұйымдар мен көп бейінді клиникалардың онкологиялық бөлімшелеріне (бұдан әрі – онкодиспансер);

онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерді сатып алуды, олар үшін ақы төлеуді және бақылауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына (бұдан әрі – Д С Б) ;

онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге арналған нысаналы ағымдағы трансфертті енгізу мен пайдалануды үйлестіруді және мониторингілеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетіне (бұдан әрі – МҚАК) және оның аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі – МҚАК А Д) ;

ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық көмектің сапасын бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық

департаменттеріне (бұдан әрі – МФҚБК АД);
онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету кезінде ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – ҚазОР ҒЗИ);

«Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі» (бұдан әрі – ОНЭТ) ақпараттық жүйесін ақпараттық-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – РЭДО) және оның аумақтық филиалдарына (бұдан әрі – РЭДО АФ);

онкологиялық науқастарға көрсетілетін медициналық көмектің құрылымы мен көлемін, онкологиялық диспансерлер қызметінің нәтижелерін талдауды, мониторингілеуді және онкологиялық қызметтің медициналық-экономикалық тиімділігін бағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (б ұ д а н ә р і – Д Д Р О) ;

қаржы лизингі шарттарында онкодиспансерлерге одан әрі тапсыру үшін медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратын «ҚазМедТех» АҚ (бұдан әрі - лизинг беруші);

«Ұлттық педиатрия және балалар хирургиясы орталығы» республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына және тәуліктік стационар деңгейінде онкологиялық аурулары бар балаларға медициналық көмек көрсететін «Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығы» акционерлік қоғамына қолданылады.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бастапқы медициналық құжаттама – көрсетілген медициналық көмектің сипатын, көлемі мен сапасын көрсететін пациенттер денсаулығының жай-күйі туралы деректерді жазуға арналған құжат;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) есепті кезең – бір күнтізбелік айға (айдың бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін) тең уақыт кезеңі;

4) қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия – ДСБ осы Қағидалармен айқындалған тәртіппен ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін ДСБ, МҚАК АД және МФҚБК АД, РЭДО филиалдарының қызметкерлерінен құратын тұрақты жұмыс істейтін а л қ а л ы о р г а н ;

5) онкологиялық науқастарға медициналық көмек – қатерлі ісіктері бар науқастарды диагностикалау мен емдеуге (оның ішінде ДСБ бекіткен аурулар тізбесі бойынша ісік алды аурулары және қатерсіз ісіктері бар) және диспансерлік байқауға бағытталған, барлық деңгейде дәрілік қамтамасыз етуді қамтитын медициналық қызметтердің кешені;

6) онкологиялық науқастың кешенді тарифі (бұдан әрі – кешенді тариф) – ДСБ атынан бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен ОНЭТ-те тіркелген (лимфомамен ауыратын науқастардан басқа) онкогематологиялық науқастарды қоспағанда, бір онкологиялық науқасқа есептегенде ТМККК шеңберіндегі медициналық қызметтер кешенінің құны;

7) онкологиялық науқастардың ортатізімдік саны – есепті кезеңнің әр күнтізбелік күні үшін ОНЭТ-те тіркелген онкологиялық науқастардың санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалатын есепті кезеңдегі орта есеппен онкологиялық науқастардың саны;

8) Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі (бұдан әрі – ОНЭТ) – деректері ТМККК-ны орналастыру және ақы төлеу кезінде пайдаланылатын онкологиялық патологиясы бар науқастардың деректерін электрондық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

5. Онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық қызмет үшін ақы төлеу (бұдан әрі – ақы төлеу) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бөлген бюджет қаражатының шегінде ДСБ мен онкодиспансер арасында жасалған ТМККК көрсетуге арналған шарттың негізінде нысаналы ағымдағы трансфер түріндегі республикалық бюджеттің және жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен кешенді тариф бойынша жүзеге асырылады.

6. Кешенді тариф Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығымен бекітілген ТМККК шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 30 қарашадағы № 5946 тіркелген) сәйкес айқындалады.

Кешенді тариф онкологиялық науқастарды ТМККК шеңберінде консультациялық-диагностикалық, стационарды алмастыратын және стационарлық медициналық көмекпен қамтамасыз етуді көздейді және оларды Әдістемеге сәйкес көрсетуге арналған шығыстарды қамтиды.

Кешенді тариф онкологиялық ауруы бар он сегіз жасқа дейінгі балаларға стационарды алмастыратын және стационарлық медициналық көмек көрсетуге арналған шығыстарды қамтымайды. Бұл ретте, бірінші емдеуге жатқызу сәтінде балалардың жасы 18 жастан аспауы тиіс.

7. Онкодиспансер лизинг берушімен жасаған шарт бойынша сатып алынған медициналық техниканы пайдаланумен көрсету шартында ДСБ көрсетілген медициналық қызметтер үшін лизингілік төлемдерге ақы төлеуді жүзеге асырады.

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу тәртібі

8. Онкодиспансердің электрондық цифрлық қолтаңбасы бар, онкологиялық науқастарды ОНЭТ-тетіркеуге, қайта тіркеуге және есептен алып тастауға жеке жауапкершілік жүктелген жауапты адамы (бұдан әрі – Онкодиспансердің жауапты адамы) күн сайын:

нысандары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қазандағы бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 тіркелген) бекітілген өмірінде ісік немесе басқа қатерлі ісік диагнозы алғаш белгіленген науқас туралы хабарлама (090/е нысаны) және амбулаториялық пациенттің медициналық картасы (025/е нысаны) немесе стационарлық науқастың (003/е нысаны) медициналық картасы;

азаматтық хал актілерінің жазбалары (бұдан әрі – АХАЖ органдары) органдарынан қайтыс болуы туралы мәліметтер;

онкологиялық науқастың басқа онкодиспансерге қайта тіркеу туралы жеке өтініші (ерікті нысандағы);

онкодиспансердің диспансерлік бөлімінің онкологиялық науқастың сауығуы туралы қорытындысы негізінде пациенттің онкодиспансерді еркін таңдауын есепке ала отырып, ОНЭТ-тегі онкологиялық науқастар бойынша мәліметтерді жаңартуды жүргізеді.

9. Онкологиялық науқастың қайтыс болуын ОНЭТ-те тіркеу мәліметтерін онкодиспансердің жауапты адамы онкологиялық науқастың қайтыс болуын АХАЖ органы тіркеген күннен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей нақтылайды.

10. Онкодиспансердің химиотерапевт-дәрігері шектік бір реттік дозаны есепке ала отырып, химиопрепараттарды қолдану сызбасына сәйкес онкологиялық науқастың химиопрепараттарды нақты қолдануы бойынша

деректерді ОНЭТ-ке енгізеді.

11. Онкодиспансердің жауапты адамы бастапқы медициналық құжаттамадан ОНЭТ-ке негізінде мыналар:

өмірінде ісік немесе басқа қатерлі ісік диагнозы алғаш белгіленген науқас туралы хабарлама (090/е нысаны);

диспансерлік (онко) байқаудың бақылау картасы (030-6/е нысаны); онкологиялық стационардан шыққан адамның статистикалық картасы (066-2/е нысаны);

материалды цитологиялық зерттеуге жіберу жолданымы (027-3/е нысаны); тәуліктік және күндізгі стационардан шыққан науқастардың жеке тізілімі; амбулаториялық химиотерапия кабинетінде көрсетілген қызметтердің жеке тізілімі;

көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің жиынтық тізілімі;

қатерлі ісік аурулары бар науқастар мен қатерлі жаңа өскіндері аурулары туралы есеп (№ 7 нысан) қалыптастырылатын деректерді енгізеді.

12. Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдаланған жағдайда онкодиспансердің маманы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 025/е нысанына қосымша түрінде онкологиялық науқасқа стационарлық медициналық көмек көрсету кезінде және консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезінде 066-2/е нысанындағы қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану парағын толтырады.

Онкодиспансердің маманы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану туралы жиынтық деректерді бастапқы медициналық құжаттамадан ОНЭТ-ке енгізеді.

13. Есепті кезең үшін ақы төлеу бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарларымен көзделген қаражаттың шегінде кешенді тариф бойынша онкологиялық науқастардың ортатізімдік саны бойынша жүзеге асырылады.

14. Ақы төлеу көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижесін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Қайтыс болған күні өткен есепті кезеңде тіркелген онкологиялық науқастарды қайтыс болу себебі бойынша ОНЭТ-те есептен алған жағдайда ақы төлеу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қайтыс болу күнін тіркеу күнінен бастап онкологиялық науқастың есепте тұрған әр күні үшін күніне кешенді тариф бойынша соманы шешіп алуды және экономикалық ықпал ету шараларын есепке ала отырып есепті кезеңде жүзеге асырылады.

15. Онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық көмектің сапасы

мен көлемін бағалау ОНЭТ-те автоматты түрде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға және экономикалық ықпал ету шараларына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Онкодиспансердің стационарларындағы өлім жағдайларының сапасын бақылауды медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау шеңберінде МФҚБК АД жүзеге асырады.

МФҚБК АД сапаны бақылау нәтижесі бойынша есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың үш жұмыс күнінен кешіктірмей ДСБ жанындағы қызметтерге ақы төлеу бойынша комиссияға ұсынылатын онкологиялық науқастардың қайтыс болу жағдайы туралы сараптамалық тұжырымды ОНЭТ-те тіркейді.

17. МҚАК АД онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық қызметтердің көлемін және бюджет қаражатының тиімді пайдалануын мониторингілеуді жүзеге асырады және ерікті нысандағы сараптамалық тұжырым қалыптастырады және есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың үш жұмыс күнінен кешіктірмей ДСБ-ға ұсынады.

18. Сапа мен көлемді бағалау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес экономикалық ықпал ету шаралары қолданылады.

19. Онкодиспансер есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бір жұмыс күнінен кешіктірмей ДСБ-ға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОНЭТ-те қалыптастырылған онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық қызметтердің шот-тізілімін (бұдан әрі – шот-тізілім) жібереді.

Онкодиспансер шот-тізіліммен бірге тәуліктік және күндізгі стационардан шыққан науқастардың жеке тізілімін, амбулаториялық химиотерапия кабинетінде көрсетілген қызметтердің жеке тізілімін және көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің жиынтық тізілімін ұсынады.

20. ДСБ ОНЭТ-те шот-тізілімнің, МФҚБК АД және МҚАК АД сараптамалық тұжырымдарының негізінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсету бойынша шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – орындау хаттамасы) және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оған қосымша қалыптастырады. Орындау хаттамасын және оған қосымшаны қызметтерге ақы төлеу бойынша комиссия қарайды және оған қол қояды.

21. Шартты орындау хаттамасының негізінде ОНЭТ-те осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір данасы онкодиспансерге тапсырылатын онкологиялық науқастарға көрсетілген орындалған қызметтер актісі (бұдан әрі – орындалған қызметтер актісі) қалыптастырылады.

22. Орындалған қызметтердің қол қойылған актілері бойынша ақы төлеуді ДСБ есепті кезең аяқталған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде (желтоқсанда 25-күніне дейін) ТМККК көрсетуге арналған шартта көзделген

көлем мен мерзімде бұрын төленген аванстың бір бөлігін ұстап қалуды есепке ала отырып, онкодиспансердің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырылады.

Ұстап қалуға немесе шешіп алуға тиісті бюджет қаражанының сомасы сапа мен көлемді бақылау нәтижесі бойынша ТМККК көрсетуге арналған шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде онкодиспансермен келесі өзара есеп айырысулар кезінде есепке алынады.

23. Онкодиспансер онкологиялық науқастарға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету және олардың еркін таңдау құқығын іске асыру мақсатында ТМККК көрсетуге арналған негізгі шартпен көзделген соманың шегінде денсаулық сақтау ұйымдарымен, оның ішінде онкодиспансерлермен жасалған шарттар бойынша:

уәкілетті орган бекіткен тарификаторға сәйкес тарифтер бойынша көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер үшін;

уәкілетті орган бекіткен бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша көрсетілген стационарлық және стационарды алмастыратын көмек үшін ақы төлеуді жүзеге асырады.

24. Онкодиспансер есепті кезеңінен кейінгі келесі айдың 30-шы күніне дейінгі мерзімде ОНЭТ-ке:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық қызметтер үшін кірістердің құрылымы бойынша ақпарат;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық қызметтер үшін шығыстардың құрылымы бойынша ақпарат;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған ақы төлеу бойынша ақпарат;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бойынша ақпарат енгізеді.

ОНЭТ-те осы тармақпен көзделген ақпарат жоқ болған жағдайда ағымдағы есепті кезең үшін ақы төлеу көрсетілген деректерді енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану парағы

№	Медициналық жабдықтың коды	Медициналық жабдықтың атауы	Қызметтің толық коды	Медициналық қызметтің атауы	Қызметтердің саны

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Экономикалық ықпал ету шаралары

	Ақаудың атауы	Өлшем бірлігі	Экономикалық ықпал ету шарасы
1.	Өлім жағдайлары (алдын алуға болатын)	1 (бір) онкологиялық науқас	кешенді тарифтің 6 еселенген мөлшері
2.	ОНЭТ-ке деректерді дұрыс, уақтылы және сапалы енгізу және ОНЭТ деректеріне ақы төлеуге ұсынылған құжаттардың сәйкес келмеуі	1 (бір) онкологиялық науқас	кешенді тарифтің 3 еселенген мөлшері
3.	Онкологиялық науқастың қайтыс болған сәтінен бастап 10 күннен кешіктіріп, ОНЭТ-те қайтыс болу мәліметтерін уақтылы тіркемеу.	1 (бір) онкологиялық науқас	Кешенді тарифтің мөлшер

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер көрсеткені үшін
ШОТ-ТІЗІЛІМ**

20 _____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____ № _____
 20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____ бастап 20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____ дейінгі кезең
 20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____ № _____ шарт бойынша

Денсаулық сақтау ұйымының атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның атауы: _____

Айына _____ бір онкологиялық науқасқа арналған кешендік тариф: _____ теңге

p/c №	Атауы	Есепті кезеңнің басында ОНЭТ-те* тіркелген онкологиялық науқастардың саны	Есепке алынған онкологиялық науқастардың саны		Есептен алынған онкологиялық науқастардың саны		Есепті кезеңнің соңында ОНЭТ-те тіркелген онкологиялық науқастардың саны	Онкологиялық науқастардың орта тізімдік саны	Ақы төлеу ұсын (теңг
			Барлығы	оның ішінде басқа өңірлерден	Барлығы	оның ішінде қайтыс болғандары			
1	2		3	4	5	6	7	8	9
1.	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтер көрсету, оның ішінде:								
1.1	республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер есебінен	x	x	x	x	x	x	x	
1.2	жергілікті бюджет қаражаты есебінен	x	x	x	x	x	x	x	

Лизингілік төлемдер**

Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техника үшін лизингілік төлемдерді өтеу сомасы _____ теңге

Медициналық жабдықтың коды	Медициналық жабдықтың атауы	Қызметтің толық коды	Қызметтің атауы	1 қызметке арналған лизингілік төлем, теңге	Қызметтердің саны	Ақы төлеу лизингілік төлемнің сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7

Барлығы

Ақы төлеуге жиыны: _____ теңге

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) басшысы:	Тегі, аты, әкесінің аты (болғанда) / қолы) (қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)
Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) бас бухгалтері:	Тегі, аты, әкесінің аты (болғанда) / қолы) (қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Мөрдiң орны (қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Е с к е р т п е :

*ОНЭТ – «Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық ж ү й е с і

** қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техникада медициналық қызметтер көрсеткен жағдайда ұсынылады.

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасы

20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____

20 ____ жылғы « ____ » ____ бастап 20 ____ жылғы « ____ » ____ дейінгі кезең

20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____ шарт бойынша

Денсаулық сақтау ұйымының атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның атауы: _____

№ р/с	Атауы	Ақы төлеуге ұсынылған сома, теңге		Ақы төлеуге жатпайтын сома, теңге		Ақы төлеуге қабылданды теңге	
		Жағдайлардың саны	Сомасы, теңге	Жағдайлардың саны	Сомасы, теңге	Жағдайлардың саны	Сумма, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8

1	Онкологиялық науқастардың ортатізімдік саны						
2	Есепті кезеңдегі сапасы бақылаудан өткен жағдайлар, олардың ішінде :						
2.1.	Расталды						
2.2.	Расталмады						
3.	ОНЭТ-ке мәліметтерді дұрыс, уақтылы және сапалы енгізбеу және ОНЭТ деректеріне ақы төлеуге ұсынылған құжаттардың сәйкес келмеуі						
4.	Онкологиялық науқастың қайтыс болған сәтінен бастап 10 күннен кешіктіріп қайтыс болу мәліметтерін уақтылы тіркемеу.						

Лизингтік төлемдер

Атауы	Ақы төлеуге ұсынылған қызметтердің саны	Ақы төлеуге ұсынылған лизингтік төлемнің сомасы, теңге	Ақы төлеуден шешіп алу үшін қызметтердің саны	Ақы төлеуден шешіп алу үшін лизингтік төлемнің сомасы	Ақы төлеуге қабылданған қызметтердің саны	Ақы төлеуге қабылданған лизингтік төлемнің сомасы, теңге
Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдаланумен барлығы						

Өзге төлемдер/шегерістер

р / с №	Негіздеме	Комиссия шешіміне сәйкес	
		Төлемдер, сома теңге	Шегерістер, сома теңге
1	2	3	4
ЖИЫНЫ			

Ақы төлеуге ұсынылғанның барлығы _____ теңге

Ақы төлеуге қабылданғанның барлығы _____ теңге

Комиссияның төрағасы: _____ / _____

(Т.А.Ә./қолы)

Комиссия мүшелері: _____ / _____
(Т . А . Ә . / қ о л ы)

(Т.А.Ә./қолы)

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына 5-қосымша
Нысан

Қайтыс болу мәліметтері ОНЭТ-те* уақтылы тіркелмеген онкологиялық науқастардың тізілімі

20__ жылғы «__» __ бастап 20__ жылғы «__» __ дейінгі кезең
Айына бір онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тариф: _____ теңге
Күніне бір онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тариф: _____ теңге

р/с №	Т.А.Ә.	Есепке қойған күн	Қайтыс болу күні	Есептен алған күн	Қайтыс болған күннен кейін есепте болған күндердің саны	Шешіп алынуы тиіс сома, теңге		
						барлығы	оның ішінде	
		есептен алмағаны үшін	уақтылы	Экономикалық ықпал ету шара				
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Комиссия төрағасы: _____ / _____
(Қолы/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
(қағаз тасымалдауыштағы хаттама үшін)

Комиссия мүшелері: _____ / _____
(Қолы/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
(қағаз тасымалдауыштағы хаттама үшін)

(Қолы/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
(қағаз тасымалдауыштағы хаттама үшін)

(Қолы/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
(қағаз тасымалдауыштағы хаттама үшін)

20__ жылғы «__» _____

Е с к е р т п е :

*ОНЭТ–«Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық жүйесі

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі

20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____ № _____
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » ____ бастап 20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » ____ дейінгі кезең
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » ____ № ____ шарт бойынша

Денсаулық сақтау ұйымының атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның атауы: _____

Шарт бойынша жалпы құны _____ теңге

Төленген аванстың жалпы сомасы _____ теңге

Ақы төленген (көрсетілген) қызметтердің жалпы сомасы _____ теңге

Шартқа сәйкес ағымдағы жылға арналған лизингілік төлемдердің жалпы сомасы _____ теңге

Айына бір онкологиялық науқасқа арналған кешенді тариф _____ теңге

р/с №	Атауы	Есепті кезеңнің соңына ОНЭТ-те* тіркелген онкологиялық науқастардың саны	Есепті кезеңінің соңында ОНЭТ-те тіркелген онкологиялық науқастардың ортатізімдік саны	Ақы төлеуге ұсынылды, теңге	Ақы төлеуге қабылданды, теңге
1	2	3	4	5	6
1.	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік беріліген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету, оның ішінде:				
1.1.	республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер есебінен	X	x		
1.2.	жергілікті бюджет қаражатының есебінен	X	x		

Лизингілік төлемдер**

		Ақы төлеуге ұсынылды, теңге	Ақы төлеуге қабылданды, теңге

Медициналық жабдықтың коды	Медициналық жабдықтың атауы	Қызметтердің саны	Ақы төлеуге лизингілік төлемнің сомасы (теңге)	Қызметтердің саны	Ақы төлеуге лизингілік төлемнің сомасы (теңге)

Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техника үшін лизингілік төлемдерді өтеу сомасы _____ теңге

Бұрын төленген авансты ұстап қалу үшін сома _____ теңге

Көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге орындаушыға аудару үшін сома _____ теңге

оның ішінде лизингілік төлемдерді өтеу _____ теңге

Келесі кезеңде ұстап қалуға тиіс бұрын төленген аванстың қалдығы _____ теңге

Тапсырыс беруші

Қызметтер беруші

_____ (атауы)

_____ (атауы)

Басшы _____ / _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасымалдауыштағы акт үшін)

Басшы _____ / _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасымалдауыштағы акт үшін)

Мөрдiң орны (қағаз тасымалдауыштағы акт үшін)

Мөрдiң орны (қағаз тасымалдауыштағы акт үшін)

Е с к е р т п е

*ОНЭТ – «Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық жүйесі

** қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техникада медициналық қызметтер көрсеткен жағдайда ұсынылады.

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына

7-қосымша

Нысан

Онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсету кезіндегі кірістердің құрылымы

20__ жылғы «__» ____ бастап 20__ жылғы «__» ____ дейінгі кезең
20__ жылғы «__» _____ № ____ шарт бойынша

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

p/c №	Қызметтің атауы	Кіріс көздері, мың теңге			
		БАРЛЫҒЫ	Бюджет қаражаты		Бюджеттен тыс қаражатты есебінен
			НАТ түріндегі Р Б қаражатының есебінен	жергілікті бюджет қаражатының есебінен	
А	Б	1	2	3	4
1	Есепті кезеңдегі кіріс, барлығы				
	оның ішінде:				
	Онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсету				
	Басқа онкологиялық диспансерлермен шарт бойынша онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсету				
	Халықтың нысаналы топтарына скринингтік зерттеулер өткізу				
	...басқа қызметтер (көрсету)				

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) басшысы: _____ / _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) бас бухгалтері: _____ / _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Мөрдің орны (қағаз тасымалдауыштағы нысан үшін) 20__ жылғы «__» __

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидасына 8-қосымша

Нысан

Онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсету кезіндегі шығыстардың құрылымы

20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейінгі кезең

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

	Өткен жыл үшін шығыстың барлығы, мың теңге (кассалық)	Бір айдағы шығыстар (мың теңге)

	Орта мед. персонал						
	Кіші мед. персонал						
	Басқалары						
1.3	Өтемақылық төлемдер						
2	Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндеттемелер						
2.1	Әлеуметтік салық						
2.2	Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына әлеуметтік аударулар						
2.3	Міндетті сақтандыруға арналған жарналар						
3	Тауарларды сатып алу						
3.1	Тамақ өнімдерін сатып алу						
3.2	Дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы басқа заттарды сатып алу, оның ішінде:						
	таргеттік препараттар*						
	химиопрепараттар*						
	амбулаториялық деңгейде онкологиялық науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету*						
3.3	басқа тауарларды сатып алу						
	оның ішінде жұмсақ мүккәмал сатып алу						
4	Коммуналдық және өзге қызметтер						
4.1	коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, барлығы						
	оның ішінде:						
	ыстық, суық суға, кәрізге						
	газ, электр қуатына						
	жылу энергиясына						
4.2	байланыс қызметтеріне ақы төлеу						
4.3	өзге қызметтер мен тауарлар, соның ішінде						

	иммуногистохимиялық зерттеулер						
	гамматератепиялық аппараттар үшін көзін алмастыру						
	сәулелік аппаратқа сервистік қызмет көрсету						
	кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлауға						
	онкологиялық науқастарға басқа онкологиялық диспансерлер көрсеткен қызметтер үшін ақы төлеу (өзара есеп айырысу)						
5	Басқа ағымдағы шығындар						
5.1	Ел ішінде іссапарлар мен қызметтік сапарлар						
	оның ішінде кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлауға						
5.2	Елден тыс жерлерге іссапарлар және қызметтік барулар						
	оның ішінде кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлауға						
5.3	басқа ағымдық шығындар						
6	Лизингтік төлемдер						
II	Негізгі құралдарды сатып алу						

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) басшысы: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) басшысы: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Мөрдің орны (қағаз тасымалдауыштағы нысан үшін) 20__ жылғы «__» ____

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына
9-қосымша

Нысан

Қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу бойынша ақпарат

(денсаулық сақтау ұйымының атауы

р/с №	Атауы	Қызметкерлердің нақты саны (адам)		Еңбекақы қоры (мың теңге)	оның ішінде қосымша ақшалай төлемдер, мың теңге	
		барлығы	соның ішінде сараланған еңбекақы алғандар		барлығы	оның ішінде сараланған еңбекақы төлеуге
А	Б	1	2		3	4
	БАРЛЫҒЫ, оның ішінде:					
1	Дәрігерлік персонал					
	оның ішінде: амбулаториялық деңгейдегі дәрігерлік персонал					
2	Фармацевтер (жоғары білімі бар), провизорлар					
3	Орта медицина персоналы					
	оның ішінде: амбулаториялық деңгейдегі орта медицина персоналы					
4	Кіші медицина персоналы					
5	Басқа персонал					

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) басшысы: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің) бас бухгалтері: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасымалдауыштағы шот-тізілім үшін)

Мөрдің орны (қағаз тасымалдауыштағы нысан үшін) 20__ жылғы «__» ____

Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген

көлемі шеңберінде көрсетілген

медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидаларына

10-қосымша

Нысан

Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бойынша ақпарат

20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейінгі кезең

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

р/с №	Атауы	Барлығы, адам	оның ішінде:				Соманың барлығы (мың теңге)	оның бю қар есе	
			Дәрігерлер (адам)	Фармацевттер (жоғары білімі бар), провизорлар (адам)	Орта медицина қызметкерлері (адам)	Орта фармацевтика қызметкерлері (адам)			Медициналық емес мамандығы бар мамандар (адам)
	А	1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Мамандардың барлығы, олардың ішінде:							x	
1.1	біліктілігін арттырды								
1.2	қайта даярлаудан өтті								
	ЖИЫНЫ								

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің)

атауы: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасымалдауыштағы нысан үшін)

Денсаулық сақтау ұйымының (қызметтер берушінің)

бас бухгалтері: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасымалдауыштағы нысан үшін)

Мөрдің орны (қағаз тасымалдауыштағы нысан үшін) 20__ жылғы «__» _____